
САРБАСОВА, Гүлдана Актаевна**Уақыт, кеңістік және сан өлшемдерін философиялық
түрғыдан түсіндіру**

Әлемнің тілдік бейнесін танудағы негізгі ұғым мен түсініктің бірі – уақыт пен кеңістік категориясы. Уақыт пен кеңістіктің болмыспен және бір-бірімен байланысы жөніндегі қағидаға ғалымдар ерте кезден бастап-ақ ерекше назар аударып, ежелгі грек оқымыстыларының философия, физика, математика, логика, астрономия және тіл білімі саласындағы көзқарастарынан бастап, қазіргі ғылымдағы жетекші идеялардың біріне айналып отыр.

Уақыт пен кеңістік категориясына қатысты Энгельс: «В многообразных формах греческой философии, уже имеются в зародыше, в процессе возникновения. Почти все позднейшие типы мировоззрения» – деп көрсетеді (Розенталь 1972: 369).

Платон, Аристотель, Демокрит сияқты ежелгі грек оқымыстылары кеңістік пен уақыт категориясының ішкі мәніне қатысты жан-жақты зерттеулер жасап, бұл ұғымдар туралы қарама-қайшылығы мол пікірлер қалыптастырғаны белгілі.

Осман Империясының жайнап, дүрілдеп тұрған дәуірінде өмір сүрген Ибн Кемал ресми қызметтерімен қоса, өзін философия мен дінге берген және Газалидің пікіріне қарсы болып, философия саласында атақты болған. *Техафуль әл Феласифе* атты уақыт жөнінде жазған маңызды, қайран қалдырарлық ой-пікірлерімен көзге түскен. Тамаша ойын дұрыс қолданған Ибн Кемал уақыт және кеңістік жайында өзінің философиялық ой-пікірлерін былай білдірген дейді Асалыоглу (18.04.2008):

«Уақыт жөнінде философтардың айтқан пікірлері дұрыс емес. Уақыт керісінше өз-өзінен пайда болмаған. Уақыттың бір бастауышы бар, егер де бастауышы болмаған жағдайда, уақыт болмысы болмыстардың бірі ретінде қабылданып, Ибн Синадағы ең алғаш себепші элемент болмысы болмас еді. Олай болса, біз уақытты жоқтан бар болған деп қабылдауымыз керек. ...Кейбір философтар кеңістікті өздігінен пайда болған деп қабылдайды. Әлемде ешбір нәрсе өз-өзінен пайда бола алмағанда, кеңістік өздігінен қалай пайда болсын? Әр нәрсенің бір хадисінің (бастауышы) болуына қарағанда, кеңістіктің де бір хадисі (бастауышы) бар».

Өмірін халық жолында өткізген үлкен ойшыл-ақын Жүніс Эмре, философиялық ой-пікірлерін өлең жолдары арқылы жеткізген. Уақыт және кеңістікті адамдарға өткінші деп түсіндірген Жүніс Эмре, бір өлең жолында бұл жөнінде былай деген:

Yunus sen bu dünyaya niye geldin	Жүніс, сен бұл дүниеге неге келдің?
Gece gündüz hakkı zikretsin dilin	Күндіз-түні әділдікті уағыздадың.
Enbiyaya uğramaz ise yolun	Пайғамбарлар жолына түспесең де,
Göçtü kervan kaldık dağlar başında.	Көшті керуен, қалдық таулар басында.

Алланың адамдарға бергендерінің ең маңыздысы – уақыт пен кеңістік екенін жазған Жүніс Эмре, кеңістік болмысының болуының себебі, болмыстың бар болуы себебінен дейді. Алла тағаланы еске түсіру керектігін айтады (Habiboğlu 1993: 85).

Атомдық көзқарастағы ежелгі грек философтары Демокрит пен Эпикурдан бастау алатын метафизикалық материализм кеңістік пен уақыттың объективті шындық екенін мойындай отырып, бірақ оларды өз алдына мәні бар материалдық денелер мен процестерді сыйыстыратын, материяға тәуелсіз бос қуыс деп санап, *абсолюттік кеңістік* және *абсолюттік уақыт* деген түсініктері ғылымда ХХ ғасырдың басына дейін сақталып келді.

Идеалист философтар (Беркш, Юм, Кант және Гегель) кеңістік пен уақыт объективтік шындық екенін теріске шығарады. Олар уақыт пен кеңістікті адам санасындағы өмір сүретін немесе сана арқылы өмір сүретін, рух жаратқан бірдеңе деп санайды.

ХХ ғасырдың басынан бастап физикада болған күрт өзгерістер кеңістік, уақыт, қозғалыс және болмыстың біртума, бірлікте екенін көрсетеді. Өйткені кеңістік, уақыт және қозғалыс болмыстың өзіндік айқындықтары.

Қазақ халқы табиғатпен етене өмір сүріп келгендіктен, оның дүниетанымдық бағдарлары да осы табиғатпен ілесіп дамыды. Ежелгі қазақтың болмыс шындығына жақын болуы және болмыспен тамырластығы олардың уақыт, кеңістік тәрізді ұғымдарды адамның ішкі жан дүниесін, болмыстың мәнін түсінуімен тығыз байланысып жатты.

Адамның және оның тәжірибелік іс-әрекетінің күрделі тарихы болғандықтан, болмыстың жалпы заңдары бейнеленетін категориялардың да өзіндік даму кезеңдері болады. Тарихи және логикалық тұрғыдан алғанда адамның ойлау қабілеті, оның әлемді категориялық игеруі тікелей сфера категорияларынан (сапа, сан, мөлшер, кеңістік пен уақыт) бастау алады. Бұл категориялар адамзат тарихының бастапқы адамның ойлау қабілеті, парасаты, рухани мәдениетінің биік деңгейін қалыптастырды.

Кеңістік пен уақыт көшпелі санасының негізгі құрылымдық өлшемі болып табылады. Кеңістік пен уақыт ұғымдары қоршаған ортаны қабылдауды ұйымдастыруға себепші ретінде көрінеді. Көшпенділер санасындағы әлемді уақыт ағымын анықтауы бойынша түсініктері және кеңістіктегі мағыналық бағдарлары ата-бабаларымыздың құнды этникалық мұралары болып саналады.

Ежелгі қазақтың болмыс шындығымен тікелей байланысы, бақыланатын және қабылданатын әлемге сезімдік жақындығы, олардың уақыт, кеңістік адамның ішкі әлемін, сондай-ақ өзге де тіршілік мәнін түсінуіне әсерін тигізді. Осының бәрі шынайы болмыста орын алғандықтан, басқаларын салыстыруға болмайтын дүниетаным, әлемді танудың ұлттық түсінігі қалыптасты. Бір

сөзбен айтқанда, өзін қоршаған заттар мен құбылыстарды алғашқы қауымдық адам өзінің тікелей қандас туысы ретінде қабылдайды. Бұл дүниені мифологияландыруға алып келеді: мифологияландыру – айнала қоршаған дүниені жандандыру, оған жан бітіру, содан соң оны түсіндіру – танымдық қажеттіліктерден келіп туындайтын процесс. Таратып айтқанда, бұл процесс дүниені адами-өлшемдік деңгейде тұңғыш концептуализациялау идеясына, дүниенің мифологиялық моделін адамзаттың өлшем тұрғысынан жасап шығаруға алғышарт болып табылады. Сонымен, архаикалық мәдениетте мифологиялық дүниетаным негізінде өзіне ғана тән шындық дүние, таным және ақыл-ой концепцияларының бірлігінен тұратын мазмұндық біртұтастық қалыптасады.

Адамның саналы ғұмырының мазмұндық-мағыналық жағынан толықтырып тұрған діни-мифологиялық наным-сенім, әдет-ғұрып, ырым-жоралғы, салт-дәстүрлердің рухани тамырлары да сананың осы кезеңімен астасып жатыр. Қазақтың дүниені түсінуінде ғаламның әртүрлі деңгейлік түр-сипаты мойындалған және ондағы сан алуан бағыттағы қатынастардың орын алып отыратындығының тұжырымдалғандығы белгілі.

Түркі халықтарының байырғы өте ерте кездегі дүние жаратылысы жөніндегі мифологиялық түсінігі бойынша, жеті ғалам негізінде жатқан құндылықтардың қандай кеңістік қатынастарды туғызғанын көруге болады. Олардың таным-түсінігі бойынша, дүниенің көлденең өлшемі әлемнің төрт бұрышы – күн көзінің күндізгі жайына қарай *күншығыс*, *күнбатыс*, *оңтүстік*, *солтүстік* деп аталған (Уәлиұлы 1998: 13).

Қазақтардағы осы классификациялар туралы тілші-ғалым «Р.Б. Иманалиева (2005: 23-27) былай дейді, кеңістіктегі бағыттарды айқындаудың ең көне түрлерінің бірі – күннің көкжиектегі орнына (шығуы, батуы, түс мезгілі, түн) байланысты болған. Ол қазақ тіліндегі *күншығыс*, *күнбатыс*, *түстік*, *теріскей* т.б. сөздерде сақталған. Сондай-ақ, *түстік оңтүстік*, *теріс түстік солтүстік*, *күн түстік оңтүстік*; *түн жақ*, *түндік жақ батыс*, яғни *күн жақ – оңтүстікті*, *түн жақ – солтүстікті* білдірген. Мысалы: *күнгеі*, *теріскей*».

Ғаламдық бейненің кеңістік құрылымы мен кеңістіктің моделі арасындағы басты сәйкестік – ғалам бейнесі міндетті түрде кеңістіктің белгілерінен түзіледі. Осындай ізденіс іздерін түркі халықтарының ежелгі мәдениетінен хабар беретін жазба ескерткіштерден табуға болады. Мысалы, көне ұйғыр тілінде жазылған ескерткіштерде: *шығыс* – көк, жасыл (символы – айдаһар), *батыс* – ақ (символы – жолбарыс), *оңтүстік* – қызыл (символы – сауысқан), *солтүстік*, *терістік* – қара (символы – жылан) арқылы белгіленген. Ал көшпенділерде түр-түстерді дүниенің бөліктеріне қарай жіктеу басым болған: *қызыл* – оңтүстік, *қара* – солтүстік, *көк* – шығыс, *ақ* – батыс, *сары* – зенит (аспан нүктесі).

Бұл ретте академик «А.Н. Кононов (1975: 160) былай деп жазған, цветовая геосимволика у тюрков, по-видимому, давно вышла из активного употребления и

была заменена линейно-пространственной ориентацией. Как часто бывает в таких случаях, старое, давно забытое прочно сохраняется в отдельных практической деятельности человека».

М.И. Искаковтың еңбегінде түріктерде алты жылдық және төрт жылдық цикл қолданылғаны айтылады, сонымен бірге жануарлар аты тек қана жылды ғана емес, сонымен бірге жыл мезгілдерін және дүниенің төрт бұрышын да білдірген. Төрт жылдық цикл бойынша ұлу – көктем мен күншығысты, *бөдене* – жаз бен оңтүстікті, *барыс* – күз бен күнбатысты, *тасбақа* – қыс пен солтүстікті білдірген (Иманалиева 2005: 23).

Жаратылыстанудың мифологиялық моделінің тігінен алынған үлгісін түркі халықтары *бәйтерек* деп таныған. *Бәйтеректе* символикалық мән бар, таным бойынша әлемнің тік өлшемі үш бөліктен тұрады:

Аспан – тәңірлер әлемі (жоғарғы ғалам);

Жер – адамзат әлемі (орта ғалам);

Жер асты – аруақтар әлемі (төменгі ғалам).

Олардың бұл нанымдары *Тәңірі* – *Ұмай* жүйесінде, сонымен бірге, Күлтегін ескерткіштерінде (VIII ғ.) кездеседі. Биікте көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаратылған т.б. Дүниежүзілік ағаш таңбасы өрлемелік қозғалысты, жер мен аспанның тығыз байланысын білдіреді. Осы биік бәйтерекпен эпос батырлары аспан денелеріне өрмелеп жете алатын болған. Әлемдік ағаштың тағы бір атқаратын қызметі оның жоғарғы және орта дүниені үшінші әлем – төменгі дүниемен байланыстыруында. Тірілер әлемі өткен кезбен аруақтар аймағынан қатынасын үзбейді. Ертедегі түріктерде алдыңғы, артқы, оң, сол жақ олардың шығысқа қатынасына байланысты. Алдыңғы жақ барлық уақытта – шығыс жақ. Сонымен, адамдар үшін ең әуелі *аспан* мен *жерді*, *оңы* мен *солын*, *алды* мен *артын*, яки дүниенің тараптарын тану өмірлік қажеттілік еді. Осының бәрі сана арқылы сараланып, тілде көрініс табады. Көшпенділерде уақыт ұғымы тек өздеріне ғана тән түсінікте қалыптасты.

Философ-ғалым М.Орынбековтың (1998: 101) пікірінше, ежелгі қазақтардағы уақыт ұғымы алғашында күн мен түн ауысуын сезіну, аңшылық мерзімін түсінумен байланысты болды. Сонымен қатар, олар үшін жыл, кезең, уақыт ұғымдарының мәні болмады деп түсініктеме берген.

Тунджер Байкараның (2007: 7) *Түріктерде календарь – уақыт өлшемі* атты мақаласында ежелгі түріктердің қолданған календары туралы Осман Тұран және Луих Базиннің еңбектерінен мағлұматтар келтірген. Онда шөптердің немесе ағаштардың екі рет көгеруі арасындағы мерзімді *жыл* деп, ал адам өмірімен байланысты *жас* деп, екеуін бір негізден шығарады. Жыл мерзімінің 2, 4, 8 және 12-ге бөлінуі туралы мол мағлұмат берілген.

Жалпы уақыт пен кеңістіктегі кездескен нысандардың сипатын алғаш ата-бабаларымыз табиғи күйінде ұғынып түсінген, қоршаған орта мен табиғат құбылыстарындағы түрлі факторларды күнделікті өмір сүру жағдайымен етене байланыста қараған. Таңның атуы мен күннің батуы, судың сууы мен мұздың қатуы, көктің шығуы мен қурауы, заттың ұзындығы мен қысқалығы, жолдың, жайылымның, мекеннің алыстығы мен жақындығы, бір нәрсенің екіншісінен биіктігі немесе аласалығы, судың тереңдігі мен таяздығын, ауырлығы немесе жеңілдігін өзінің күнделікті шаруашылығында атқарған нысандарымен анықтап, өлшеп, межелеп, сырын ұғып, тани білген. Бұл құбылыстар дами келе уақыт және кеңістік өлшемдеріне айналған.

Шексіз кең далада мал бағу, үдере көшу, жолға жүру, түнқату, жоқ қарау және аң аулау төрт жағын анық айырудан, табиғат құбылыстарын бақылаудан туған халықтың көпжылдық тәжірибелерін қорытып, жұлдызды аспанға қарап бағыт-бағдарды белгілеп, жұлдызды аспан туралы астрономиялық түсініктерді үйретті. Сонымен, қазақ және түркі халықтары табиғи құбылыстардың – күн мен түннің, жыл мен мезгілдердің, ай жаңалануының айналып келіп отыруын мұқият бақылап, күннің ұзару, қысқару құбылыстарын да зерттеп, күн *тоқсанда торғай адым, қаңтарда қарға адым, ақпанда ат адым ұзаратынын, шілдеде шіл адым қысқаратынын* білген.

Ертедегі халықтардың ішінде тек ежелгі вавилондықтарда ғана біраз жүйеге келген өлшемдер болған. Тәулікті күн мен түнге бөлу, ал олардың әрқайсысын тең 12 мерзімді бөлікке бөлу де солардан шыққан. Ыдыстағы судың толық ағып бітетін уақытын *сағат* деп атауы да алғаш осы вавилондықтардан бастау алған. Салмақ, ұзындық, көлем тәрізді шамалардың да өлшемдері солардан тараған. Мұны төмендегі мәлімет анықтай түседі: «В результате постоянно развивающейся связей, прежде всего торговых контактов различных стран и народов, отдельные меры и их системы распространились очень широко. Например, многие системы измерений стран Средиземноморья сложились под влиянием вавилонской системы» - деп жазған (Кобрин 1984: 52).

Жер бетін мекен еткен басқа этностар сияқты қазақ және түрік халықтарының танымында да сан – мөлшер мен өлшем – межені анықтап белгілеуде ешкімге ұқсамайтын өзіндік этнотанымдық ментальдық мәдени символикаға негізделген әдіс-тәсілдерді көп қолданғаны белгілі. Мәселен, егер адамның жасын, санын, төрт түлік малдың аз-көптігін білгісі келсе, ағаш бұтағын кертіп, белгі соғатын болған, осы кертілген белгі арқылы өздеріне қажетті өлшем-мөлшерді, малының санын, өзінің жасын есіне сақтап анықтап отырған. Бұл туралы халықтық өлшемдер мен этюдтарға көңіл аударып, төмендегі мысалдар арқылы көз жеткізуге болады.

«Каймаздың (10.07.2009) айтуы бойынша, дауыс беруге қатысқан әр адам, қағазға кішкентай бір сызық сызған, төрт кішкентай сызық үстінен бір сызықпен біріктірген. Осылайша әрбір сызық тобы бес адам санын білдірген; Оқыған дуаның санын есептеу үшін әр дуадан кейін бір дана ноқат қойылған. Жүз дуа үшін бір ноқат есептелінген кездері де болған. Сонымен қатар 500-дік тәспихтерде де бұл есеп қолданылған; Қожанасыр әңгімесінің бірінде тұтқан ораза санын таспен есептеген; *Манас* дастанында дауыс беру кезінде әрбір адамның дауысы орнына қойдың құмалағы немесе ұсақ тас пайдаланғаны көрсетілген».

Соңғы кездегі ғалымдардың пікірінше, кеңістік – материяның өмір сүру формасы, ол заттардың, нәрселер мен құбылыстардың арасындағы реттілікті көрсетеді, ал мұндағы реттілік ұғымының өзі кеңістік қатынасын сипаттайтын құрылымдық элемент болып табылады. Сонымен, кеңістік пен уақыт материя қозғалысының айғағы. Әлем бейнесіндегі уақыт пен кеңістік жүйесінде ерекше көрініс беретін өлшем бірліктері дегеніміз – белгілі бір нәрсені біртектес басқа бір нәрседен айыра, салыстыра айқындайтын бірлік. Олар қатынас жасау кезінде ұзақтық, қашықтық, ұзындық, шама, көлем, уақыт, мезгіл, дана саны, т.с.с. өлшеу объектілерін нақты білдіру барысында пайда болған. Ал өлшем – бір нәрсенің көлемін, салмағын анықтайтын өлшем бірлігі. Өлшем категориясын философия тарихында алғаш кең түрде талдаған немістің ғұлама ойшылы Гегель болды. Гегель (1984) мәңгіліктің ең алғашқы нышаны пайда болады деген. Оның белгісі Гегельдің айтуы бойынша, болмыстың өзге формаларынан оралып, өзіне-өзінің қатынасының болуында, болмыс тікелей өзіне-өзінің тепе-теңдігінен, өзіне-өзінің дәнекерленген қатынасына келеді.

Заттарды сандық тұрғыдан анықтау, оның сапалық қасиеттерін тану негізінде біртектілігін, мөлшерін, көлемін ажыратудан басталады. Бір-біріне ұқсамайтын нәрселердің айырмашылығында сапалық, ал бір-біріне ұқсас нәрселердің айырмашылығында сандық сипат бар. Сан дегеніміз – затты біртекті бөліктерге бөлуге (нақты немесе ойша) және осы бөліктерді қайта қосуға болатындығын білдіретін оның айқындамасы (Философиялық сөздік 1996: 374).

Санның ұғымдық категориясының мәні тек біртектілік пен жалпылық ортақшылықпен шектелмейтінін өз заманында «Аристотель (1934: 93) мына анықтамасында көрсеткен, количеством называется то, что может быть разделено на части, каждая из которых будут ли две или несколько, является чем-то одним данным налицо. То или другое количество есть множество, если его можно счесть это – величина, если его можно измерить».

Сандық категория күні бүгінге дейін осы түсінік негізінде анықталады. Сандық айқындылық заттардың бөлшектік сипаты көптік ұғымында есептеледі, ал тұтастық сипаты көлемдік қалпында өлшенеді, мөлшерленеді.

Бөлшектік сандық, айқындылық сандық категория тұлғасында көрінсе, тұтастық сандық ұғым сапа-сындық қасиеттердің мөлшерлік тұлғасында көрініс табады. Олай болса, болмыстың әрбір өзгеше формасы, ол – өлшем екен. Өлшем даму процесінде сапаның бұрынғы қалпын қайтадан орнықтыру емес, сол сапаның сандық өзгерістердегі толыса өзгерген дәрежесі. Өлшем дегеніміз – сапаның анықталған саны, өлшемі бәрінен де бұрын тұрмыс-тіршіліктің аясында анықталған сандар, мөлшерлер, межелер, шамалар жүйесі – деп, Г. Гегель (1984: 257) ой қорытады.

Өлшем бірліктері бүгінгі бөлшегі ретінде кеңістік қатынасының құрамдас бөлігі болып саналады. Кеңістік пен уақыттың айқындықтары мен өлшемдері тек заттық, табиғи құбылыстарға ғана тән деп қабылдау адамдардың күнделікті үйреншікті сезімдерінде, ойлау салтында берік бекінген. Сондықтан, халықтық өлшем адамның айналадағы құбылыс пен заттардың алыс-жақындығын, ауқымын, көлемін, мөлшерін, жылдамдығын, уақыт мөлшерін, аласа-биіктігін, тар-кеңдігін, тағы басқа жағдайын шартты түрде болса да анықтауға арналған. Халық өлшемі ғасырлар бойы қалыптасқан, қажеттіліктен пайда болған тілдің көмегімен, бейнелі тәсілмен

дүниеге келген, нақты өмір құбылысы іс-әрекетпен тікелей жалғасты. Сондықтан да олардың күнделікті істерінде, қатынастарында болды, оларды атауды сөздермен бекітті.

Сандық ұғымның мәні көпшілік жағдайда есептеліп, дәл бір сандық мөлшерде айқындала бермейді, кей тілдік жағдаяттарда, айтылымдарда сандық мағынаның түрлі себептерге байланысты дәл беру мүмкін болмаса, екінші бір жағдайда ондай дәлдік қажет те болмайды. Мысалы, *үй айналасында үш-төрт түйе, төрт-бес жылқы жайылып жүр*. Бұл айтылымда автор малдың сандық мөлшерін дәл беруді мақсат тұтпаған, олардың аздық мөлшерін тек шамамен, аз сандар қатарымен көрсетіп отыр.

Сандық ұғымның есептік санға байланыстыра отырып шамалы, жуық мөлшерді білдіретін бұл түріне оппозициялық қатынаста тұратын бейанық көптікті білдіретін субкатегориясы есептік санға қатыссыз анық және бейанық жиынтықты білдіретін субкатегориясымен ұштасып жатады.

Бұл құбылыстардың баршасы қалай болса, солай көрінген құбылыс пен заттың әрекетіне, қимылына, ісіне, мөлшеріне қарап, соны атаудан туған дәл өлшем емес, сол заттар мен құбылыстардың образдылығына арналған, шамамен айтылған өлшем. Бірақ шамамен айтылса да халықтық өлшемдер күнделікті тіршіліктің барлық саласында қолданылатын, қажеттілікті өтейтін өлшемдердің санатында болғандығын атап айтқан жөн.

Уақыт өте келе дараланған нақты өлшемдік қатынастардың көпшілігі алғашқы кездерде қарапайым, қарадүрсін өлшеу жүйелері негізінде жіктелген еді. Өлшемнің қабылдануы мен дәлелденуі барысында бастапқыда антропометрика жүйесі негіз болған. Мысалға, қашықтық, ұзындық және кеңістік өлшемдерінде *саусақ, қарыс, аяқ, қадам*; ауырлық пен көлем өлшемдерінде *уыс, саусақ ұшы, тұтам, жұтым* сияқты бірліктер осы түрден қолданылатын болып санала алады. Бір ғажабы, халық атаулары тым ерте кездерден қолданыла бастаса да, күні бүгінге дейін тіл қолданысынан шықпай, өлшем мағынасындағы ұғымды бейнелеп, баяндаудың бір тәсілі болып келеді.

Қалыптасқан ескі салт бойынша, түйесі көп адамдар әрбір жүзінші түйенің бір көзін ағызып отырған. Сондықтан да түйесінің санын сұрағандарға бір соқыр, екі соқыр немесе тағы сол сияқты қанша жүз екеніне байланысты астарлы эвфемизмдерді жауап орнына көлденең тартатын болған. Ал бес-алты түйесі бар адамдар тіпті *түйе* деген сөздің өзін де қолданбаған. Оның орнына түйенің мойның, терісінің атауын, яғни *мойнақ* деген, ғылыми тілмен айтқанда, әрі метанимиялық, әрі эвфемистік атауды пайдаланған. Демек, *бес-алты түйем бар* дегеннің орнына *бес-алты мойнағым бар* – деп, бүркемелеп білдіретін болған (Сейітқұлова 2002: 12).

Бұл жерде сан мен санаққа байланысты қалыптасқан ырымдар мен тыйымдардың негізінде діни наным-сенімдердің жатқаны айқын. Ерте кездерде қазақ және түрік халықтары санды, межені, шаманы өлшеудің осындай сан қилы өзіндік әдіс-тәсілдерін қолданған. Біздің ата-бабаларымыз да қоршаған ортадағы әлем бейнесін өзінің этнотанымдық табиғатымен байланыстыра қараған. Таңның атысы мен күннің батысын, тәуліктік уақытты сағатпен, салмақты таразымен, қашықтық пен ұзындықты километр мен метр сияқты нақты өлшемдік құралдармен өлшемесе де, соның бәрінің өлшемін өзінің күнделікті тұрмыс-тіршілігіндегі өмірлік тәжірибесінен таба білген. Әлем бейнесіндегі уақыт пен кеңістіктің түпкі табиғаты бір болғандықтан, бір-бірімен тығыз байланыста тұратын ажырамас біртұтас құбылыс екенін де

болжай білген. Уақыт пен кеңістікті бір-бірінен ажыратпай, тұтастықты танып-түсінуді дәстүр еткен.

Этнос танымындағы уақыт пен кеңістіктің біртұтастығы өлшемдік ұғымдарды білдіретін біршама атаулардан да ерекше көрініс береді. Мысалы, *арқан бойы, тұсау бойы, найза бойы, шай қайнатым жер, бие сауым жер, ет пісірім жер, сүт пісірім жер, күндік/күншілік жер, сәскелік жер* сияқты байырғы өлшем бірліктері әрі уақытты, әрі ұзындықты, әрі қашықтықты, әрі биіктікті, сонымен бірге *найза бойы* тереңдікті әрі қалыңдықты да білдірген. Мөлшер негіздерін анықтауда еңбек құралдары, көші-қон, тіпті адамның дене тұрпаты да алынған.

Көшпенділерде уақыт ұғымы тек өздеріне ғана тән түсінікте қалыптасты. Философ-ғалым «М.Орынбековтың (1998: 101) пікірінше, ежелгі қазақтардағы уақыт ұғымы алғашында күн мен түн ауысуын сезіну, аңшылық мерзімін түсінумен байланысты болды. Сонымен қатар, олар үшін жыл, кезең, уақыт ұғымдарының мәні болмады».

Көшпелі халық уақыт өлшемдерін өзінің өмір сүру тәжірибелеріндегі процестерден алып отырған. Бұл ойымызды «Ғ.Ақпанбектің (1993: 23) мына пікірі айқындай түседі: таңмен таласа басталатын қой өргізу, бие байлау т.с.с. қат-қабат үй шаруашылығын жүргізу белгілі бір уақытпен мөлшерленіп отырады. Уақыт өлшемдерін білдіретін *бие сауым, сүт пісірім, ет асым*, т.б. сөз тіркестері бар».

Көшпенділер өзінің ұлан-ғайыр даласында осы уақыт өлшемдерінің тұспалымен арақашықтықты байланыстыра қараған. Мәселен, *сүт пісірім, ет асым, шай қайнатым* сияқты уақыт өлшемдерінің негізінде бір нүктеден екінші нүктеге қанша арақашықтық жүргенін шамалап, жобалап отырған. Осыған орай, халық танымында осы атаулармен байланысты *сүт пісірім жер, ет асым жер, күндік жер, сәскелік жер, арқан бойы, құрық бойы, тұсау бойы, найза бойы* сияқты тіркесімдер қалыптасқан. *Бие сауым жер, ет пісірім жер* (шамамен 2 сағатқа жуық уақыттай жүретін арақашықтық), *сүт пісірім жер* (15-20 минуттай жүрген арақашықтық) сияқты тұрақты тіркестер *жер* сөзімен тіркесе, арақашықтықты, *уақыт* сөзімен тіркесіп келсе, уақыт мөлшерін көрсететін болған. Сондай-ақ, халықтың қарапайым тұрмыс-тіршілігіндегі қолданылатын заттар (*арқан, тұсау, найза, құрық, қамшы*) мен *бойы* көмекші есімінің тіркесуінен жасалған тіркесімдер басқа сөзбен тіркесу қабілетіне орай, кейде ұзындықты, кейде биіктікті білдірген. Бұл тіркестердің контекстік қолданылу ерекшелігіне сәйкес ұзындықты немесе уақытты мезгеп тұрғанын контекстік мағынасынан ажыратуымызға болады. Мысалы, *Арқан бойы жердің, тұсау бойы төтелігі бар* мақалындағы тіркесімдердің ұзындық мағынасында қолданылып тұрғанын аңғарамыз.

Бұдан біз көрсетілген тіл бірліктерінің уақыт пен кеңістікке бірдей қатысты екенін байқаймыз. Қазақ халқының мұндай этномәдени дүниетанымынан уақыт өлшемі арқылы қанша шақырым жер жүргенін анықтағанына қарағанда, уақыт пен кеңістікті бір-бірінен ажырата отырып, оларды біртұтас жүйе ретінде қараған деп ой қорытындылаймыз. Халық өмірінің мәдени бірлігі ретінде танылатын бұл ежелгі өлшемдік межелер, сол ұжым мүшелерінің уақыт пен кеңістікті бір-бірімен тығыз байланыста түсінгендігінен хабар береді.

Қорыта айтқанда, кеңістік пен уақыт, сан өлшемі көшпелілер санасының негізгі құрылымдық өлшемдері болып саналады. Кеңістік пен уақыт, сан мен өлшем ұғымдары қоршаған ортаны қабылдаудың себепшісі болып табылады. Көшпелілер санасындағы әлемді уақыт ағымы анықтауы

жөніндегі түсініктері және кеңістіктегі мағыналық бағдарлары ата-бабаларымыздың құнды этникалық мұрасы саналады.

Уақыт, кеңістік және сан, өлшем ұғымдары қазақ мәдениетінде ежелден өзіндік ұлттық қабылдау ерекшеліктерімен түсіндіріліп келген. Секунд, минут, сағат сияқты дәлдікпен есепке алынбаған уақыт бедері әлем бейнесін танудағы қазақ ұлтының кеңістік пен уақыт өлшемдері туралы ұғымдар да тек қазақ менталитетіне тән болмыс түрлерін танытады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- ✚ Аристотель (1934). *Метафизика: перевод и примечания Кубицкого А.В.* Москва – Ленинград: Госэкпиз.
- ✚ Асальюглу А (18.04.2008) сөзінен алынған. А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің философ-оқытушысы.
- ✚ Ақпанбек F (1993). *Қазақтардың дүниетанымы.* Алматы: Қазақ университеті.
- ✚ Ваукара Т (2007). *Türklerde takvim-zaman ölçümü //«Қазақстан мен Түркия ортақ мәдени құндылықтары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары.* ҚазҰПУ: 7-11.
- ✚ Гегель Г (1984). *Наука логики.* Москва: Наука.
- ✚ Каймаз З (10.07.2009) сөзінен алынған. Эге университеті, Түркі әлемін зерттеу институт директорының орынбасары.
- ✚ Кобрин В.Б. (1984). *Вспомогательные исторические дисциплины.* Москва: Просвещение.
- ✚ Кононов А.Н. (1975). *Семантика цветообозначении стран света в казахском языке.* Тюркологический сборник. Москва: Наука.
- ✚ Иманалиева Р.Б. (2005). *Этнолингвистические вопросы исследования пространственной ориентации в казахском языке (сопоставительно-типологический аспект).* Туркестан: Туран.
- ✚ Розенталь М.М. (1972). *Философский словарь.* Москва: Издательство Политической Литературы.
- ✚ Сейітқұлова Ж.М. (2002). *Қазақтың төрт-түлікке байланысты әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі.* Филол. ғыл. канд. ... автореф. Алматы.
- ✚ Уәлиұлы Н. (1998). *Фразеология және тілдік норма.* Алматы: Республикалық баспа кабинеті.
- ✚ Орынбеков М.С. (1998). *Ежелгі халықтың дүниетанымы.* Алматы: Ғылым.
- ✚ Habiboğlu A. (1993). *Besteleriyle Yunus Emre İlahileri.* Ankara.
- ✚ *Философиялық сөздік (1996).* Алматы: Қазақ энциклопедиясы.